

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

ДЕПУТАТЫ



ДЕПУТАТ

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі  
20 \_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

010000, Нұр-Сұлтан, Мажилис Парламента  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

2021 жылғы 22 желтоқсанда жарияланды

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары  
Р.В. Склярга

## ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

**Құрметті Роман Васильевич!**

Көктем жетісімен диқан қауым қарбалас тіршілігін әрбір күнді есептеп, иниет етіп еңбек етеді.

Зейнеті мен бейнеті қатар жүретін егіншілік кесібі көктемгі дала жұмыстарына (КДЖ) тыңғылықты түрде дайындалғанды қажет етеді.

Бүгінде, көктемнің күні ерте шығатын онтүстік облыстарымыздың дихандары егін егу жұмыстарына дайындықтары басталды. Өз қолдарынан келетін, техника және құрал сыймандарын дайындау үстінде.

Жалпы алғанда үстіміздегі жыл жаман болған жоқ. Дегенменде, кемшіліктер болды. Нәтижесінде шаруалар көздеген мақсаттарына жете алмады.

Дер кезінде су жеткізіліп берілмеді. Тыңайтқыштар көлемі мен агротехникалық әдістер талапқа сай келмеді.

Нәтижесінде шаруалардың кейбіреулерінің тапқан табыстары шығындарын әзер жауып, өлмestің күнін көруде.

Көктемнің бір күні – жылға азық деген сөз бекер емес. Оны, өз қолымен дән сеуіп еңбек етпеген адам қайдан білсін. Олай деуге негіз бары сөзсіз.

Олар мынадай мәселелер:

- РБ-дан КДЖ жүргізуге бөлінетін бюджеттік ресурстар қаржатының жеткіліксіздігі. «Атамекен» ҰКП деректеріне сәйкес КДЖ қаржыландыруға кемінде 800 млрд. теңге қажет. Өздеріңізге белгілі, қазіргі танда, қажетті қаржыландыру көлемі 100 млрд. теңге яғни 15% құрайды.

- Бүгінгі күні КДЖ қаржыландыру наурыз-мамыр кезеңінде басталады. Табиғи-климаттық жағдайларды ескере отырып, онтүстік

өнірлердегі фермерлерге КДЖ жүргізуге қаражат желтоқсан-қантар айларында қажет. Кеш қаржыландыру агротехникалық іс-шараларды жүргізуге және тиісінше, фермерлер еңбегінің өнімділігі мен табысына теріс әсер етеді.

- Жанар-жағар май мәселесі шешімін дер кезінде таптайды. Бағасы шарықтап, дихандар алышатар саудагерге жем болады. Мысалы, биыл көктемде жанар-жағар майдың бағасы 300 теңгеге дейін жетті, ал тыңайтқыштардың бағасы, селитра – 180 мың теңге, аммофос – 350 мың теңгеге жетті.

- жер ылғалдылығын келтіру мәселесінде су тапшылығы және арық атыздардың жөндеу жұмыстары кеш басталады. Өйткені, су шаруашылық мекемелерінің жұмыс кестесі дихандардың талабына сай келмейді;

- тыңайтқыштар дер кезінде болмайды, өйткені наурыз–мамыр кезеңінде қаржыландырудың басталуына байланысты отандық өндірістің минералдық тыңайтқыштарын (азот, фосфат) жеткізу кезінде осы айларда дүрлікпе басталады, ал күзгі-қысқы кезеңде тапсырыстар іс жүзінде болмайды.

Европа нарығында газ бағасының өсуіне байланысты минералды тыңайтқыштарға сұраныс жоғары. Сол себепті отандық өндірушілер экспортқа бет бұрыс жасауда. Сонда отандық диқандардың жағдайы не болмақ?

Міне, осы жайттардың барлығы соңғы өнімнің өзіндік бағасына әсер етеді.

Жылда қайталанатын, шешімін таппайтын мәселені бір жолата жолға қою, ол Үкімет пен жергілікті атқарушы органдардың міндеті емес пе?

**Құрметті Роман Васильевич!**

Ұрандадып айттар болсақ - «Байлышымыз халқымыз болса»,

Мақсатымыз – «Әр азаматқа лайықты өмір» болса, ауыл тұрғындарына еңбек етіп, өз отбасыларын асырауға мүмкіншілік беру керек.

Келер көктемгі жұмыстарына дайындық жоспары жөнінде ақпарат беруінізді сұраймыз.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде тиісті орындаушы органдарға тапсырма беріліп, оның келесі жұмыстардың орындалуын қамтамасыз етуінізді сұраймыз:

1. Көктемгі дала жұмыстарын қаржыландыру мерзімін қантар-ақпан айында бастау.

2. ҚазСу шаруашылығы келісім-шартта көрсеткен өз міндеттерін кесте бойынша орындау және жауапкершілік алу.

3. Кесте бойынша жанар-жағар маймен қамтамасыз ету.

4. Тыңайтқыштардың қорын құрып, қауіпсіз сақталуын қамтамасыз етіп, кестеге сәйкес таратып беру.

Оз кезінде бидай сеуіп, күріш орып, мақта теріп, адал және жемісті еңбектің арқасында құрметке кенеліп, нәпақасын тауып еңбек ері атанған ағапаларымызды көргенбіз.

Жауапты «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мэртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңына сәйкес беруді сұраймыз.

**Құрметпен,  
Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мажілісінің  
депутаттары, «Nur Otan»  
партиясы фракциясының  
мүшелері**

**Қ. Ержан  
С. Адамбаев  
Ф. Қаратаев**

*Орында:* Саңсызбай А.  
74-6211